

Әуликөл ауданындағы Құсмұрын кен орнының жер асты сулары № 2, № 4а, № 12/74 (0906) ұңғымаларының шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2012 жылғы 3 қазандағы № 420 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 12 қазанда № 3848 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Әуликөл ауданындағы Құсмұрын кен орнының жер асты сулары № 2, № 4а, № 12/74 (0906) ұңғымаларының шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі директорының міндетін атқарушы

_____ Ю. Севостьянов

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су

ресурстары комитетінің Су
ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай
бассейндік инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

Г. Оспанбекова

Әкімдіктің
2012 жылғы 3 қазандағы
№ 420 қаулысына қосымша

**Әулікөл ауданындағы Құсмұрын кен орнының жер
асты сулары № 2, № 4а, № 12/74 (0906)
ұңғымаларының шаруашылық-ауыз су тартудың
санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы
№ 2 ұңғыма	Радиусі - әр ұңғыманың айналасында 50 метр	0,785 гектар	Ұзындығы – 193 метр Барынша ені – 138 метр	1,3 гектар	Ұзындығы – 1012 метр Барынша ені – 660 метр	50,32 гектар
№ 4а ұңғыма	Радиусі - әр ұңғыманың айналасында 50 метр	0,785 гектар	Ұзындығы – 193 метр Барынша ені – 162 метр	1,68 гектар	Ұзындығы – 1012 метр Барынша ені – 694 метр	52,64 гектар
№ 12/74 (0906) ұңғыма	Радиусі - әр ұңғыманың айналасында 50 метр	0,785 гектар	Ұзындығы – 218 метр Барынша ені – 166 метр	2 гектар	Ұзындығы – 1911 метр Барынша ені – 472 метр	68 гектар

Ескерту: "Қостанай облысы Әулікөл ауданындағы Құсмұрын кен орнының жер асты сулары №№ 2, 4а, 12/74 (0906) ұңғымаларының санитарлық қорғау аймақтарының санитарлық-гидрологиялық негіздеу" жобасының картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген. (Тапсырыс беруші "Құсмұрын ЖЭК" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны).

